



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№4 (10 259)

31 қаңтар

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

Құрметті Үкімет мүшелері және жиынға қатысушылар!

Жаңа Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысын бастаймыз. Ең алдымен, Премьер-Министр Олжас Абайұлы Бектеновті осы жоғары лауазымға тағайындалуымен құттықтаймын. Үкімет табысты жұмыс істейді деп сенемін. Бүгін біз былтыр атқарылған жұмысты қорытындылаймыз. Сондай-ақ алдағы кезеңнің басты міндеттеріне тоқталуымыз керек.

Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Алдыңғы Үкімет осы бағытта біраз жұмыс істеді. Кеше мен бұрынғы Премьер-Министр Әлихан Смайыловқа алғысымды білдірдім.

Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Сондықтан Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат – баршаңызға белгілі.

Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни, нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ, макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге, шын мәнінде, сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, ба-тыл әрекет ету керек.

Алдағы міндеттерді орындау үшін Үкіметке де, әкімдіктерге де тиісті құзырет берілген. Алайда бұл мүмкіндіктер көп жағдайда дұрыс қолданылмай жатады. Соның кесірінен реформаларды жүзеге асыру қарқыны бәсеңдеп кетті. Мұндайды доғару қажет.

Мемлекеттік органдар арасында өзара келісу мен талқылау жұмысы аяқталғанша, кез келген бастаманың негізгі мән-маңызы да өзгеріп кетеді. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болуы қажет. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Қазіргі жағдайда экономикамыздың мейлінше еркін дамуына мән беруіміз қажет. Елімізді дамудың жаңа белесіне шығарамыз десек, бұл жұмысты жедел және дәйекті түрде жүргізген жөн. Мен былтырғы Жолдауымда жаңа экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Сондықтан бүгін мен қазіргі экономикалық ахуалға қатысты өзекті мәселелерге тоқталамын.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

БІРІНШІ. Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді.

Қаржы министрлігі былтырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді.

Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалады, стратегиялық мақсаттар соның көлеңкесінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындауы керек.

Енді бюджеттің кіріс бөлігіне келейік. Қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатыр. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерім

болуын қамтамасыз етуі керек. Алайда бизнес қауымдастығында бұл құжат, ең алдымен, салық мөлшерлемесін өсіруді көздейді деген пікір қалыптасып отыр. Қазақстанда түпкі мәні өзгеріп кеткен қосылған құн салығының өзін реформалау қажет. Оны 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру мәселені шешпейді. Сарапшылар қосылған құн салығын көтеру көлеңкелі экономиканың үлесін арттырып, инфляцияның өсуіне әкеп соқтыруы ықтимал деп орынды пікір білдіріп жатыр. Бұл қадам еліміздің инвестициялық тартымдылығына да кері әсер етуі мүмкін.

Бұрынғы Үкімет Ұлттық қордан бөлінетін трансферттің орнына салықты көтеріп, қазынаға қосымша қаржы түсіреміз деген уәжді алға тартатын. Жаңа Салық кодексінің әзірлеу барысында Мемлекет басшысы ретінде менің көңілім толмайды. Алдымызда ұлттық экономиканы сапалы әрі қарқынды дамыту деген өте маңызды міндет тұрғанын терең түсіну қажет.

Табыс пен мүлікке салық салудың жаңа жүйесін енгізбесек, кәсіпкерлерді табысын қалтаға баспай, бизнесін дамыту үшін жұмсауға ынталандырмайсақ, арнайы салық режимдерін өзгертпесек, бұл міндетті орындай алмаймыз. Сондықтан Салық кодексі секілді стратегиялық маңызы бар құжатты әзірлеуге

осы сала мамандарынан бөлек экономистер мен бизнес өкілдері жұмылдырылуы қажет. Әрине, бюджет қоржынын толтыру міндетін ұмытуға болмайды. Экономика неғұрлым қуатты болса, соғұрлым көп салық түседі деген қағидатты берік ұстану керек.

Салықты жайдан жай көбейте салуға болмайды. Ең алдымен, салық салу жүйесін реттеп, оны жетілдіру қажет. Сондай-ақ көлеңкелі экономиканы барынша азайту керек. Яғни, салық жүйесін басқару жұмысы дұрыс жолға қойылмаса, ең озық деген салық саясатының өзі тиімсіз болып шығады.

Үкімет салық жеңілдіктерін берудің ашық әрі нақты ережелерін әзірлеуге тиіс. Қаржы министрлігінің мәліметі бойынша жеңілдік берудің салдарынан жыл сайын бюджетке орташа есеппен 7 триллионға жуық теңге кем түседі.

Мен салық жеңілдіктерін 20 пайызға азайту туралы тапсырма бердім. Бірақ әлі күнге дейін орындалған жоқ, тіпті, мәселені шешу жолдары да әзір емес. Микро және шағын кәсіпкерлік үшін еңбекақы төлеу қорынан бір реттік төлем жасауды енгізу ісі де аяқсыз қалды. Бұл норманың енгізілгеніне бір жылдан асты. Үкілетті органдар жұмыстың табысты атқарылғаны туралы есеп берді. Ал бизнес өкілдері бұрынғысынша салық пен жарнаны бюджеттік

емес қорларға жеке-жеке төлеуді жалғастырып жатыр.

Бір жағынан, орта бизнеске нақты қолдау көрсету мәселесіне айрықша мән беру керек. Мысалы, көп жағдайда бизнесті қолдан ұсақтап жатады. Кәсіпкерлерді тиісті санатқа бөлу әдістемесі дұрыс жолға қойылмаған. Мемлекеттік сатып алу және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде орта бизнеске басымдық берілуі керек. Осы мәселелерді міндетті түрде шешу қажет. Бизнеске әкімшілік қысым көрсетуді азайту керек, соның ішінде реттеу қағидатын қолдану арқылы ықпал етуді доғарған жөн. Тоқатерін айтсақ, осы салаға сапалы өзгеріс жасау керек.

Тағы бір мәселе. Салық жүйесін толық цифрландыру қажет. Бұл сала цифрлық тәсілдерді, әсіресе, жасанды интеллектіні қолдану жағынан ең алдыңғы шепте болуға тиіс. Қысқасы, атқаратын жұмыс – ауқымды.

Мемлекеттік кірістер комитетінде 2000-2014 жылдары іске қосылған 14 ақпараттық жүйе бар. Олардың көбі кеңінен қолданылмайды. 2021 жылы бұл жүйелердің бәрі халықаралық қаржы ұйымдарының қолдауымен 12 жыл бойы жасалған жаңа жүйелермен алмастырылуы керек еді. Бірақ қаражат игерілгеніне қарамастан, еш нәтиже жоқ. Ведомствоның барлық ақпараттық жүйесіне тәуелсіз IT-аудит жүргізуді тапсырамын.


Жаңа Салық кодексінің әзірлеумен қатар Мемлекеттік кірістер комитетінің жаңа ақпараттық архитектурасын қалыптастыру қажет. Жалпы, салық және бюджет саласына түбегейлі реформа қажет. Соның арқасында мемлекет пен бизнестің арасында жаңа қоғамдық шарт жасалмақ. Осылайша, ұлттық табысты әділ бөлудің парасатты жолы қалыптасады. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған негізгі басымдық. Жаңарған салық және бюджет заңнамасы мен жариялаған жаңа экономикалық саясаттың берік тұғырына айналуы керек.

ЕКІНШІ. Жаңа инвестициялық кезеңді бастау керек. Өндіру саласындағы жобалардан түскен пайда қайтадан инвестиция ретінде экономикаға салынып жатыр. Тікелей шетел инвестициясы, негізінен, осы қаражаттың есебінен қамтамасыз етіліп отыр.

Негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып барады. Бұл күрделі жағдай деуге болады. Себебі, экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

(Басы. Жалғасы 2-3-беттерде).

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық

көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір түйіқтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

БАСПАСӨЗ - 2025

АҚСУ ӨНІРІ
ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне жазылу бағасы 1 жылға - 4415 теңге, 20 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 60 тиын.

Газет индексі: 66750

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сондықтан ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек.

Инвесторларға, мысалы, 50 миллион доллардан көп қаржы салуға дайын ірі компанияларға «бір терезе» қағидасымен жан – жақты қолдау көрсеткен жөн. Сонымен қатар жобалардың іске асырылуын қадағалайтын тиімді мониторинг жүйесін іске қосу керек.

Мемлекеттік органдар пайдасы жоқ презентациялар мен іс-шаралар өткізумен әуестенбеуге тиіс. Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іссапары нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, қажет болған жағдайда, Президентке есеп берілуі керек.

Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кеңестер, әсіресе, аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Ал, аймақтарға барып, жұмыс істегісі келетін инвестор көптеген тосқауылға тап болады.

Жергілікті билік көп жағдайда ешқандай әрекет жасамайды не болмаса инвесторды әуре-сарсаңға салады. Соның кесірінен кәсіпкер жобасын кейінге шегереді немесе біржола тоқтатуға мәжбүр болады.

Аймаққа жеке инвестиция тарту әкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек. Жалпы, барлық мемлекеттік орган ел экономикасына мейлінше көбірек инвестиция тартуға баса мән беруге тиіс. Бұл – негізгі басымдық, олардың жұмысы да соған сәйкес бағалануы керек.

Мәселе штат санын көбейтіп, жұмыс тобын құрып, жаңа тұжырымдама жазуға емес. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік аппараттың жұмыс істеу тәсілін өзгертетін нақты реформа. Соны дұрыс түсіну қажет.

Біз жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысын қорытындылаймыз. Әрбір министр мен әкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға береміз. Талап қатаң болады.

Елімізге ауқымды инвестиция тартудың тағы бір маңызды шарты – Ұлттық инфрақұрылым жоспары. Бұл құжат сапалы әзірленуі тиіс. Ойға келгеннің бәрін бір құжатқа жинақтап, сосын бюджеттен қаржы бөлінбеді деп сылтау айту – қолыңнан түк келмейтін мойындау деген сөз. Үкіметке Инфрақұрылым жоспарын қайта қарауды тапсырамын.

Негізгі басымдықтарды айқындап, стратегиялық маңызы бар жобаларға жеке инвестиция тарту мәселесін мұқият ойластыру керек. Тек аса қажет болған жағдайда ғана қаржылай қолдау шараларын қарастыруға жөн.

Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынмын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Уәкілетті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызы зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет.

Алайда, өзге де құқық қорғау органдары жүргендікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертемін, «шаш ал десе, бас алып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Біздің басты міндетіміз – кәсіпкерлердің еркіндігін шектеу емес, керісінше, елімізде бизнеске және инвестицияға жайлы орта қалыптастыру. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді.

ҮШІНШІ. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау қажет. Бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс.

Қазір Мәжілісте мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасы қаралып жатыр. Бұл құжатты пысықтап, жетілдіру қажет. Парламент депутаттарынан осыған ерекше мән беруді сұраймын. Ең алдымен, аудиторлардың қызметін реттеу керек. Осы орайда әркімнің заң нормаларын өз қалауына қарай икемдеп, түсіндіруіне жол беруге болмайды. Бұл – тауар, жұмыс және қызмет ұсынушыларға қойылатын талаптарға да қатысты мәселе. Олардың белгіленген мерзімді бұзғаны және жұмысты сапасыз орындағаны үшін жауапкершілігін күшейту қажет. Мұның, әсіресе, құрылыс саласы үшін маңызы зор.

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

заң ЕРС шарттарын қолдана отырып, инфрақұрылым жобаларын толық жүзеге асыруға мүмкіндік беруге тиіс. Бұл ретте ЕРС шарттарын жасауға дайындық шараларының мерзімі қысқа болуға тиіс. Сонда әкімдіктер басымдық берілген әрі шұғыл жүзеге асырылуға тиіс жобаларды тездетеді.

Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін дамыту үшін біраз шаруа атқарылды. Бірақ нәтижесі әлі де мардымсыз. Қазір мұндай жобалар, негізінен, әлеуметтік салаға енгізіліп жатыр. Бұл саладан көп табыс түспейтіні белгілі. Ашығын айтқанда, біз нысандардың құрылысына бөліп төлеу арқылы қаржы құйып отырмыз. Мемлекет үшін мұндай тәсіл, әрине, тиімсіз. Жалпы, осы саладағы нормалар мен рәсімдер жеке бизнеске салмақ салады не болмаса инвесторға өте тиімді болғанымен, мемлекетке пайда әкелмейді. Бір сөзбен айтқанда, теңгерімді, яғни балансты сақтау керек, мемлекет пен инвестордың мүддесі бірдей ескерілуі қажет. Бірақ бізде мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жеке жобаларды бюджеттен астыртын қаржыландыратын тәсілге айналып кетті.

Мемлекет пен жекеменшік серіктестігі жүйесін қайта құруға қатысты жұмыс баяу жүріп жатыр. Әзірге нақты нәтиже жоқ. Үкімет осы мәселені ретке келтіру қажет.

Ешқандай жаңалық ойлап табудың қажеті жоқ. Оған әлемдегі озық тәжірибені пайдаланып, уақыт тезінен өткен тәсілдерді ұсына алатын халықаралық ұйымдарды тартқан жөн. Бұл мәселені шұғыл шешу керек.

Елімізді экономикалық-әлеуметтік дамыту ісінде маңызды рөл атқаратын құрылыс саласының тиімсіз басқарылуы өте өзекті мәселе болып тұр. Мысалы, жобалардың құнын сметалық есептер арқылы анықтау әдістемесі әлемдік стандарттарға сай емес. Инвесторлар уақытын, қаражатын және жұмысқа деген құлшынысын жоғалтып, ақыры құрылысқа рұқсат беретін құжаттар көп талап етілмейтін елдерге кетіп қалады. Үкімет халықаралық тәжірибені негізге ала отырып, инвесторлар үшін жобалық-сметалық құжаттарды бекіту тәртібін барынша жеңілдету керек.

Өздеріңізге мәлім, мен осыдан бір жарым жыл бұрын әлемдегі озық тәжірибеге сай келетін Қала құрылысы туралы кодекс әзірлеуді тапсырдым. Бірақ менің атыма бірқатар сарапшылар мен кәсіпкерлерден өтініштер келіп жатыр. Олардың айтуы жатқан шағымдары мынадай: қазіргі Кодексстің жобасы қойылған талапқа сай келмейді, бұрыннан бар нормалар ұсынылған, жаңа тәсілдер мен шешімдер жоқ. Сондықтан Кодексстің жобасын қайтадан мұқият қарап, жетілдіру қажет.

Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесін қызу талқылауып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде күшейту керек. Бұл – анық дүние. Алайда мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек.

Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз әрі орынсыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар әлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл соңына дейін нақты шешім қабылдауы керек.

Тағы бір өзекті мәселе – сыбайлас жемқорлық. Бұл – құрылыс саласын ғана емес, жалпы экономиканы дамытуға тосқауыл болатын фактор. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай күресу қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Осы бағытта біраз жұмыс жасалды, нәтиже де бар. Бірақ солай екен деп, босаңсуға болмайды. Жұмысты жалғастыру қажет. Әсіресе, цифрландыруды белсенді түрде қолдану керек.

Қазір құрылыс саласында бірнеше ақпараттық жүйе бар. Осындай тәсілдер арқылы бөлінген қаражаттың мақсатқа сай жұмсалыуын қамтамасыз ету қажет, яғни барынша ашық және қатаң бақылау болуға тиіс. Бұл – өте маңызды мәселе. Себебі қаржының ұрлануы, ең алдымен, құрылыстың сапасына әсер етеді және бюджетке қосымша салмақ салады.

Ақшаға цифрлық теңге арқылы ен салу және оны қадағалау, басқаша айтқанда, «ақшаны бояу» бюджет қаражатының жұмсалыуын бақылайтын өте маңызды тетік болуы мүмкін. Бүгінде цифрлық валютаны қолдануға қатысты пилоттық жобалар тиімді жүзеге асырылып жатыр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, осындай жобалардың ауқымын кеңейтуді,

оның ішінде құрылыс саласына барынша енгізуді тапсырамын.

ТӨРТІНШІ. Экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа. Мысалы, отын-энергетика нарығындағы бағаны шектен тыс реттеу мұнай өндірісін төмендетіп, өнім тапшылығын туындатты. Үкімет бұл жағдайдан тиісті қорытынды жасады, ахуал біртіндеп түзеліп жатыр.

Сонымен бірге ұялы байланыс нарығында олқылықтар көп. Қызмет сапасын әлі де жақсарту түсу керек. Мемлекеттің үлесін біртіндеп азайтып, басы артық шектеу және реттеу шараларын алып тастау қажет. Бұлар экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер.

Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірімен жою қажет. Жекешелендіру тиімді жүргізілген жағдайда ғана экономиканың барынша еркін дамуына жол ашылады. Бұл мәселе бойынша көптеген жоспар жасалды. Дегенмен, «баяғы жартас – сол жартас» күйінде қалып тұр. Себебі, бұл жоспардың бәрі құр тізім ретінде әзірленді. Онда мүлкті иеліктен шығару қажеттігіне талдау жасалған жоқ, жекешелендірудің нақты шарттары да анықталмаған.

Жекешелендірілетін кәсіпорындар туралы ақпарат қолжетімді емес. Жекешелендіру тәсілін таңдау тәртібі де толық реттелмеген. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық қаупін туындатады. Үкіметке мемлекеттік меншік тізілімін қайта қарауды және жекешелендіру үдерісінің әдіс-тәсілін нақтылауды тапсырамын.

Ұлттық компанияларды IPO-ға шығару мәселесін қайта қарау өте маңызды. Бұл істе негізгі мақсат – мемлекеттік активтердің тиімділігін арттыру. Корпоративтік басқарудың заманауи әдіс-тәсілдерін енгізу қажет. Сол арқылы компаниялардың барынша ашық қызмет етуін қамтамасыз етуге болады. Үкімет алдағы екі жылда акцияларының едеуір бөлігі IPO-ға шығарылатын ірі нысандардың нақты тізімін жасауға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе. Квазимемлекеттік секторда ауқымды реформа жасау қажет. Қай жерде мемлекеттің үлесі сақталуы керек, қай тұста бәсекені дамыту қажет деген мәселені біржола шешіп алған жөн. Әсіресе, «Самұрық-Қазына» қорына кіретін компанияларда мемлекеттің үлесі басым. Сондықтан жұмысты солардан бастау керек. Қорды түбегейлі сауықтыру үшін жүйелі әрі тың шаралар қажет. Негізгі мақсат – инвесторлармен бірлесе отырып, ірі жобаларды кеңінен жүзеге асыру арқылы Қордың экономикалық құнын арттыру.

Үкіметке бір ай ішінде Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесе отырып, Экономиканы ырықтандыру (либерализация) туралы Жарлықты әзірлеуді тапсырамын. Құжатта үш бағытқа баса мән берілуі керек: нарықтағы бәсекені арттыру, жекешелендіруді тиімді жүргізу және квазимемлекеттік секторды реформалау мәселелері.

БЕСІНШІ. Еліміздегі өндірістің дамуына тын серпіні беру қажет. Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін былтыр уақыт министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес. Өндірістің дамуына серпін беретін жобалардың тізімі бар, дегенмен, бұл жұмыс та толық аяқталмаған.

Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Әзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ. Көптеген жобаны қаржыландыру көздері айқындалған жоқ.

Мемлекет болашақта еліміздің экономикалық өркендеуіне негіз болатын ауқымды әрі инновациялық жобаларды бірінші кезекте қолдауы қажет. Осы тұста жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртумен қатар, еліміз үшін мүлде жаңа өндіріс орындарын ашуға баса мән беру керек.

Үкімет халықаралық қаржы институттарымен, трансұлттық корпорациялармен және отандық кәсіпкерлермен арадағы сындарлы диалогты нығайта түсуі қажет. Жалпы, еліміздің болашақтағы индустриялық келбеті қандай болады, қандай кәсіпорындар маңызды рөл атқарады деген сауалдарға жауап болуға тиіс. Яғни, уақыттың талабына сай белсенді жұмыс істеу керек.

Келесі маңызды міндет бұл – қазіргі өндіріс орындарын түбегейлі жаңғырту мәселесі.

Бұл жұмысты, ең алдымен, әбден тозған металлургия комбинаттарынан бастау керек. Өйткені, ондағы жағдай өте нашар деуге болады. Себеп – бәрімізге белгілі. Өндірісті дамытуға және жаңғыртуға қажетті инвестиция салынбайды. Соның салдарынан дайын өнімнің қосылған құны төмендейді, сапалы жұмыс орындары азаяды.

Бұдан бөлек, өндірістің техникалық жағдайына да қатаң бақылау жасап отыру қажет. Кейбір инвестор тапқан табысын тек қалтаға басқанды жөн көреді. Еңбек қауіпсіздігі, экология, өндірісті жаңғырту сияқты маңызды мәселелерге мүлде назар аударылмайды. Мұндай жағдайға бәріміз күй болды. Сондықтан менің тапсырмаммен Қарағанды комбинаты ұлттық инвесторға берілді. Оған берілуінің басты себебі – инвестордың кәсіпорынды кешенді түрде жаңғыртамын деген ниетінің болуы. Өндірістің жұмысын тоқтатпау және апатты жағдайға жол бермеу үшін кен орнын дереу қалпына келтіру, өндірістің қауіпсіздігі күшейту, материалдық-техникалық базаны жаңарту керек.

Сондай-ақ, жаңа өндірістер ашып, қосылған құны жоғары тауарлар шығару үшін ауқымды инвестиция тартқан жөн. Жоғары технологиямен сапалы құрыш құю тәсілін меңгеру керек. Мұндай өнімдер көлік жасау өнеркәсібіне және басқа да салаларға қажет. Алдағы бес жылда кәсіпорын өндіріс қарқынын барынша арттырып, ТМД-да көш бастап тұрған металлургия комбинаттарының қатарына қайта қосылуы керек.

Келесі маңызды міндет. Индустрия саласында мықты орта кәсіпкерлікті қалыптастыру қажет. Мен осы мәселені бірнеше рет көтердім. Алайда әлі күнге дейін жүйелі жұмыс жоспары жасалған жоқ. Қандай басымдықтар болуы керек, кәсіпкерлерге қандай қолдау көрсетіледі деген сұрақтардың жауабы әзірге белгісіз.

Жалпы, елімізде заманға сай жаңа өндірістер ашуға мүмкіндік жетеді. Мысалы, ірі мұнай-газ және тау-кен компаниялары жер қойнауын игеру кезінде озық технологияны пайдалана отырып, ұлттық экономиканың құрылымын өзгертуге тиіс.

Елімізде жол және құрылыс техникасын, энергетика саласына, суару жүйесіне қажетті құрал-жабдықтар мен басқа да көптеген дайын өнім шығаруға болады. Мұндай өндірістерді қазірден бастап қолға алмасақ, құрал-жабдық импортына толық тәуелді болып қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан индустриялық саясат инфрақұрылымды жаңғырту және минералды-шикізат кешенін дамыту жоспарына сай жүргізілуі өте маңызды.

Осы орайда еліміз машина жасау саласында біршама табысқа жетті. Енді автокөлік құрастырудың анағұрлым күрделі деңгейіне біртіндеп көшу керек.

Елімізде өңдеу өнеркәсібінің басқа да болашағы зор салаларын дамытқан жөн. Сондай-ақ ішкі нарықтың суранысын толық өтегеннен кейін бизнесті экспортқа шығуға бағыттау қажет. Мұндай қадам кәсіпкерлеріміздің бәсекеге қабілеті жоғары екенін көрсететін болады.

Нақты секторды ұзақ мерзімге арналған қаржымен қамтамасыз ету – өнеркәсіп саласын қарқынды дамытудың негізгі шарты. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтерін тиімді пайдалану – осы мәселені шешудің бір амалы. Бұл ретте, әрине, міндетті түрде зейнетақы жинағының сақталуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан экономиканы әртараптандыруға және индустрияландыруға ықпал ететін жобаларды мұқият іріктеу қажет. Экономикалық айналымға түсетін зейнетақы активтерін тек қана нарық талаптарына сай қолдану керек. Бұл мәселеде салымшылар алдындағы жауапкершілік өте жоғары. Қажет болса, Үкімет бірыңғай зейнетақы салымдары есебінен жүзеге асырылатын жобалардың пайыздық өсімін субсидиялауға тиіс. Осы маңызды жұмысқа квазимемлекеттік құрылымдар сияқты делдалдарды қолдану жасаудың қажеті жоқ. Мұндай жағдай бұрын талай рет болған. Бұл іске тиісті сараптама жасай алатын және қажетті инфрақұрылымы бар екінші деңгейдегі банктерді белсенді түрде тарту керек.

Банктерді экономиканың нақты секторына қаржы құюға ынталандыру керек. Үкімет пен Ұлттық банк өзара тығыз ынтымақтасып, бұл жұмысты бірлесе жүргізуге тиіс. Жалпы, Ұлттық банк инфляция үдерісі мен экономиканың өсімін бақылап отыруды көздейтін тиімді жалпымемлекеттік саясатты ұстануы керек.

АЛТЫНШЫ. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды.

Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына әкеп соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа

да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктерден қаражат тартқан жөн.

Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терилге жеңілдікпен берілетін несиені 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал, инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несиені 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда әр жыл сайын ауылшаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңартылып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашады.

Сондай-ақ, минералды тыңайтқыш себүді ғылыми негізі бар қажеттіліктің тым болмағанда жартысына жеткізуге мүмкіндік береді. Бір гектар жерден 10 центнер өнім алу – еліміз үшін мақтанатын көрсеткіш емес. Демек Қазақстандағы кәсіпорындарда сапалы тыңайтқыштар өндірілгенімен, агрохимия саласында мүлде жұмыс істелмейді.

Мен былтырғы Жолдауымда осы салаға қатысты нақты тапсырма бердім. Үш жыл ішінде агроөнеркәсіп саласындағы өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға жеткізу туралы міндет қойылды. Бұл бағытта ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс жасалып жатқан жоқ. Қазіргі таңда тек шикізат өндірісіне ғана сеніп отыруға болмайды.

Ауылшаруашылығы өнімін өңдеумен белсенді түрде айналысу керек. Үкімет осы мәселеге айырықша назар аударуға тиіс. Ауылшаруашылығымен шұғылданам деушілердің санын мейлінше көбейту керек. Дақыл түрін көбейтіп, егіннің шығымын арттырып жатқан диқандарға жан - жақты қолдау көрсеткен жөн.

Сондай-ақ, бірыңғай жер салығын қолдану мәселесін қайта қарастыру қажет. Себебі, іс жүзіне келгенде, біраз түйткіл бар. Негізгі талап – салық төлеуді жеңілдету ғана емес. Ең бастысы, шаруалар жерді тиімді пайдаланып, барынша мол өнім беруге ұмтылуы керек.

Мемлекеттік қолдау шараларын «бір тере» қағидасымен жүзеге асыру қажет, яғни, салалық қаржы институттарының қызметін бір жерге біріктірген жөн.

Аграрлық несиені корпорациясының әлеуетін арттырып, оған әкімдіктердің ауыл шаруашылығын субсидиялау құзыретін беру қажет. Ол үшін агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне жеңілдетілген несиені және субсидия беру қызметтерін бірыңғай цифрлық платформаға біріктіру керек.

Жалпы, агроөнеркәсіп кешеніне ауқымды реформа жасалуға тиіс. Нақты айтқанда, жаңа технологияларды енгізіп, жерді және басқа ресурстарды ұтымды пайдаланып, жеңілдіктер мен субсидиялардың тиімділігін арттыру қажет. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырады, яғни, нақты нәтиже береді.

Су ресурстарының қолжетімді болуы – агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына тікелей ықпал ететін маңызды фактор. Былтыр Жамбыл облысының диқандары су тапшылығынан қатты зардап шекті. Биыл да құрғақшылық болуы мүмкін. Арнайы құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігінің жұмысы өзінше ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Ал көрші мемлекеттер су тапшылығын жою үшін нақты мақсат қойып, белсенді жұмыс істеп жатыр.

Ал, бізде болса, су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасы тек жақында ғана қабылданды. Бұл құжат тым ұзақ талқыланды. Ашығын айту керек, жағдай өте күрделі. Мысалы, еліміздегі суармалы жердің 13 пайызында ғана су үнемдеу технологиясы бар. Әсіресе, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы жағдай мүшкіл, құрғақшылық қаупі аса жоғары. Соған қарамастан, осы аймақтарда тиісті жұмыс жүргізіліп жатқан жоқ. Сондықтан суды көп қажет ететін дақылдарды азайтып, құрғақшылыққа төзімді дақылдарды көбейту керек, су үнемдейтін технологияны енгізу қажет. Ахуалды жақсарту үшін батыл әрекет жасау керек.

Ең алдымен, су үнемдеу технологиясын кең ауқымда енгізген жөн. Шыны керек, біз суды тым орынсыз жұмсаймыз. «Судың да сұрауы бар». Бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Көрші мемлекеттердің тәжірибесін зерттеп, тиімді тұстарын алу қажет. Елді сумен қамтамасыз ету – аса маңызды міндет, ұлттық қауіпсіздік мәселесі деуге болады. Өнеркәсіпте, агроөнеркәсіпте, коммуналдық шаруашылықта, жалпы, барлық салада суды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше мән беру қажет.

ЖЕТИНШІ. Коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдету керек.

Елді - мекендердің тыныс - тіршілігіне қажетті барлық жүйе үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету маңызды. Бұл – Үкімет пен әкімдіктердің негізгі міндетінің бірі. Алайда жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталану береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен оқшылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр.

Алматыдағы екінші жылу электр

орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті. Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогын қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты (2012 жылдан бері). Сондай-ақ, Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақтылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаваттан асатын қосымша қуат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды.

Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес. Балқаш жылу электр орталығы құрылысының аяқталмай қалуы, табиғи монополия субъектілерінің ашықжұмыс істемеуі, сондай-ақ, тарифтердің өсімін қолдан тежеу – осының бәрі кезінде жиберілген ірілі-ұсақты қателіктердің салдары. Салаға түбегейлі реформа жүргізген жөн. Ол үшін жүйелі жұмыс атқару қажет.

Ең алдымен, тарифтер ұзақ мерзімге белгіленуі керек. Бұл межелі уақыт ішінде салынған инвестицияны ақтап, инфрақұрылым нысандарын тиісті қалыпта сақтауға мүмкіндік береді. Табиғи монополия субъектілеріне тарифті белгілі бір табыс нормасына сай есептеп, бекітуге рұқсат беру қажет.

Тиімді бақылау жүргізу аса маңызды. Мұны осы саладағы бүкіл үдерісті толық цифрландыру арқылы ғана қамтамасыз етуге болады. Ресурстарды есептеу және деректерді онлайн режимде беру жүйесін енгізу керек. Тарифтерді өсіру тұтынушыларға атаулы субсидия беру ісімен қатар жүруге тиіс. Бұл үдерісті барынша жеңілдетіп, автоматтандырып жөн. Үкімет елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылым нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуі керек.

Сонымен қатар әкімдер қалаларды абаттандыру жұмыстарын белсенді қолға алып, оның ластануына жол бермеуі қажет. Ең алдымен, ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу керек. Ол үшін инвестор тарту маңызды. Сондай-ақ, қалаларды көгалдандыру ісімен айналысу қажет. Қазір бұл жұмыс ойдағыдай жүргізілмей жатыр.

Электр қуаты, жылу, су, жалпы тиімді коммуналдық шаруашылық – басты игілігіміз. Оның қолжетімді болуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Бұл – саладағы қордаланған барлық мәселені кезең-кезеңімен шешуге мүмкіндік беретін маңызды әрі кешенді реформа.

СЕГІЗІНШІ. Еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін белсенді жұмыс істеу қажет. Қазақстанды Еуразияның толыққанды көлік-логистикалық және транзиттік хабына айналдыру – алдымызда тұрған стратегиялық міндет. Осы міндетті іске асыру үшін Көлік министрлігі құрылды. Сондықтан министрлік осы саладағы өзекті мәселелер бойынша шұғыл және тиімді шешімдер қабылдауы керек. Нақты нәтиже күтемін.

Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын Бағдарламалық құжатты қабылдау қажет. Мәселе аз емес. Атап айтқанда, вагондарды жаңарту жұмысын тездету керек. Контейнерлердің тапшылығын жою қажет.

Магистралды желілерді кеңейтуге қатысты барлық жобаларды жүзеге асыру қажет (2028 жылға қарай 1,3 мың шақырым). Жалпы, теміржол саласын қарқынды түрде цифрландыру керек. Бұл қадам оның тиімділігі мен өнімділігін едәуір арттыруға, бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Келесі – автожол мәселесі. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тас жолы әлі күнге дейін жөндеуіп біткен жоқ. Құрылыс 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған – Өскемен» жолдарының жөндеуіп жатқанына 5 жылдан асты. Биыл осы жұмыстар біржола аяқталуға тиіс. Бұл жерде бірнеше мәселені ескеру қажет. Қалыптасқан тәжірибеге қарасақ, республикалық маңызы бар жолдардың тендерін көп жағдайда тек шетел компаниялары ұтып алады. Мұндай жобаларға қолынан іс келетін, тиісті техникамен жабдықталған өз кәсіпорындарымызды тарту керек.

Сонымен қатар, жол құрылысына қажетті техниканы елімізде шығару жолдарын дамытып, өзіміздің дайын өнімді пайдалану керек. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бәрі сапалы болуы керек. Өзірге жағдай мез емес.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды.

Біз мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткіздік. Мәселен, 2023 жылдың қорытындысы бойынша қолма-қол ақшасыз төлем үлесі 88 пайызға жетті. 2024 жылға дейін бұл көрсеткіш 50 пайыздан аспаған

еді. Небәрі төрт жылдың ішінде Қазақстанда қаржы технологиясы қарқынды дамыды. Бұл жетістік экономиканың басқа салаларына да үлгі болуға тиіс. Оларды да цифрландыру ісін қолға алатын кез келді.

Әр министрлікте өз саласына цифрлық өзгеріс жасау картасы болуы қажет (Сингапур тәжірибесі бойынша). Мұндай картада министрліктерге қарасты салаларға алдағы бес жыл ішінде қандай технологияның жаппай енгізілетіні туралы көзқарас толық көрініс табуға тиіс.

Жасанды интеллектті дамытуға баса назар аудару қажет. Сарапшылардың бағалауынша, 2026 жылға қарай әлемдегі кәсіпорындардың 80 пайыздан астамы жасанды интеллект құралдарын қолданады (бүгінде бұл көрсеткіш 5 пайызға да жетпейді).

Медицина, білім беру, креативті индустрия салаларында жаһандық өзгерістер болып жатыр. Біз бұған қазірдің өзінде куә болып отырмыз. Нақты айтқанда, жасанды интеллект арқылы біз экономикамызды қарқынды түрде дамытамыз, сондай-ақ, елімізде ең үздік инновацияларды қолданамыз. Ол үшін жұмысты түбірінен бастауымыз керек, яғни институционалдық орта қалыптастыру керек.

Жасанды интеллекттің негізгі арқауы – мәліметтер (немесе деректер). Алайда, бұл жерде мәселені екі жағы бар екенін ескеру қажет, бір жағынан, мәліметтер көпке қолжетімді болуы керек, екінші жағынан, қауіпсіздік, жеке мәліметтерге қол сұқпау, мәліметтердің сапалы болуын қамтамасыз ету мәселесі бар.

Үкімет 87 мемлекеттік мәліметтер базасын құралатын дерекқор қалыптастырды. Алайда жасанды интеллекттің озық үлгілерін жасау үшін мұның өзі аздық етеді. Сондықтан мемлекеттік және коммерциялық сектордағы иесі нақтыланбаған деректерді жинақтай берген жөн.

Сондай-ақ, деректерді басқару жүйесінің бірыңғай архитектурасын енгізген дұрыс. Біз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кірістік. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады. Бұл қадам «ауқымды деректерді» кеңінен қолдануға тың серпін беретініне сенімдімін.

Соңғы жылдары ғылым саласына бөлінетін қаржы айтарлықтай көбейді. Соның арқасында министрліктер зерттеу институттарымен бірлесіп отырып, жасанды интеллекттің өз саласында қолдануға мүмкіндік беретін жобаларды ұсына алады. Әрине, ең алдымен, білікті кадрлар қажет. Үкімет осы сала бойынша озық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тиіс.

Бұдан бөлек, шетелдің белгілі мамандарын тарту үшін Digital Nomad Residency арнайы бағдарламасын іске қосу керек. Яғни, елімізді әлемдегі «цифрлық көшпенділердің ордасына» айналдыруымыз қажет. Бір сөзбен айтқанда, заманның ағымынан қалмау керек.

Цифрлық технологияны неғұрлым жедел әрі тиімді пайдалансақ, даму қарқынымыз да соғұрлым табысты болмақ.

ОНЫНШЫ. Әлеуметтік салаға айрықша назар аударған жөн. Реформа жүргізген кезде әлеуметтік көмектің кімге және қалай берілетінін түгел қайта қарау қажет. Яғни, бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж адамға беру керек.

Қазіргі таңда төрт жарым миллионға жуық адам мемлекеттен әлеуметтік көмек алады. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар. Халыққа әлеуметтік көмек береміз деп, біз, шыны керек, қоғамда масылдық психологияға жол бердік. Өркениетті ел боламыз десе, мұндай жағымсыз үдеріске тосқауыл қоюымыз керек.

Тұратын үйі, тіпті, астында қымбат көлігі бар азаматтарға емес, көмекке зәру адамдарға көмек берілуі қажет. Жалпы, азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету жүйесін қайта қараған жөн. Себебі мемлекеттен көмек алу үшін табысын әдейі азайтып көрсететін адамдар бар. Әлеуметтік көмекті кімге беру қажеттігі адамның кірісіне емес, шығысына қарап анықталуға тиіс. Бұл мәселеде бір нақты шешім қабылдау қажет.

Азаматтарды еңбекпен қамту – халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың маңызды бағыты. Қазір Еңбекпен қамту орталықтары жаңғыртылып жатыр. Осы жұмысты уақтылы аяқтау қажет. Оларға нақты нәтижесіне қарай, яғни жұмысқа орналасқан адам санына байланысты ақы төлеген жөн. Үкімет барлық амал-тәсілді зерделеп, халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа кешенді үлгісін ұсынуы керек.

Тағы бір маңызды міндет. Еліміздің барлық азаматына бірдей жағдай жасап, шын мәнінде, көмекке мұқтаж адамдарға жәрдем беру – әлеуметтік мемлекеттің басты міндеті. Қазір мемлекет бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға бөлініп жатыр.

Соңғы жылдары әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды дамыту үшін біраз жұмыс атқарылды. Әлеуметтік сала мамандарының, әсіресе, педагогтер мен медицина қызметкерлерінің беделін арттыруға

баса мән берілді. Енді азаматтарға көрсетілетін қызметтің сапасын жақсарту қажет. Бұл – ең алдымен, денсаулық сақтау саласына қатысты мәселе.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес.

Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс.

Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек.

Жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттырған жөн. Әлеуметтік жағынан осал топтағы кейбір азаматтар үшін медициналық сақтандыру жүйесіне аударылатын төлемдер жергілікті бюджеттен бөлінуі тиіс.

Сонымен қатар медицина инфрақұрылымын дамыту – өте маңызды міндет. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 655 нысан салу жоспарланған еді. Іс жүзінде оның тек 85-і ашылған. Мұның бәрі жұмыстың тиімсіз жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Жобалық-сметалық құжаттар тым баяу әзірленді, құрылыс ұзаққа созылды немесе нысандардың құны қымбаттап кетті деген себептер айтылып жүр. Мұның қай-қайсысы да – құр сылтау. Басқа себебі жоқ деп ойлаймын. Қажет болса, министр де, әкім де кез келген мәселені шұғыл шеше алады. Демек сондай ниет болмай тұр деген сөз.

Сондай-ақ, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен жаңа форматтағы 369 мектеп салу жоспарланған. Мұнда техникалық құжаттар дер кезінде әзірленбеген, жер де уақтылы бөлінбеген. Оған қоса отандық өндірушілердің көбі жаңа мектептердің құрылысына қатыса алмайтынын айтып, шағымданып жүр. Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына ұлттық жобаларды жүзеге асыруға кедергі болып жатқан барлық мәселені дереу шешуді тапсырамын.

Құрметті жиынға қатысушылар! Жалпы, өткен жыл еліміз үшін табысты болды деп айтуға болады. Әрине, шешімін таппаған өзекті мәселелер әлі де бар. Сондықтан еліміздің сапалы дамуы үшін тиісті шешімдерді қабылдауымыз қажет.

Біз алдағы уақытта жаңа экономикалық бағдармен жүреміз десек, Үкімет және өкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Ұлттық экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет. Біз еліміздің даму қарқынын күшейтуіміз керек. Экономиканы әртараптандырып, шетелден көбірек инвестиция тарту қажет.

Үкіметтің басты міндеттерінің бірі – экономикалық қызмет субъектілерінің бәріне бірдей жағдай жасау. Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет.

Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Осындай жағымсыз үдерістердің кесірінен жұрттың реформаға және Әділетті Қазақстанға деген сенімі азаяды.

Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет.

Қазір бүкіл әлем аса күрделі тарихи кезеңде өмір сүріп жатыр. Осындай кезеңде мемлекеттердің көпжылдық даму бағдары айқындалады. Сондықтан біз уақыт талабына сай болып, жылдам әрі батыл қимылдауымыз керек. Жалаң сөзге уақыт кетірмей, нақты әрекет жасап, саяси жауапкершілік таныту қажет.

Дәл қазіргі кезеңде әрбір күннің қадірін дұрыс түсініп, қолда бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануымыз керек. Өйтпесе, жаһандық бәсекеге ілесу қиын болады. Табысқа жету үшін мемлекет пен қоғам ортақ мүдде жолында әрдайым бірге болуы керек. Біз өркениетті ұлт ретінде тек жарқын болашаққа ұмтылып, тек алға қарай қадам басуымыз қажет.

Қазір Үкімет айырықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шұғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет.

Мен бүгін бірқатар маңызды мәселеге тоқталдым. Әрине, басқа да өзекті мәселелер бар. Үкіметтің алдында тұрған міндеттер – өте маңызды. Дерек жұмысқа кірісу керек. Түптеп келгенде, экономиканың әр саласында түбегейлі реформалар жасалуы тиіс.

Жұмыстарыңыз табысты болсын!

50
VIA
Басқан
-SHUGLA-

Елу жылдан кейін оралған "Шұғыла" ансамблі



"Шұғыла" вокалды - аспапты ансамблі кеше және бүгін



2024 жылдың мамыр айынан бастап ақылдасып, ауылдағы мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Дәулет Ахметовтың бастамасымен, ауыл жұртының қолдауымен қайта жаңғырды. Ауылда «Шұғыла» ансамблі қайта құрылып, 50 жылдық мерекелік концерт берді. Әрине әзірге тағы да музыкалық аспаптар болмағандықтан жан – жақтан сұрап әкеліп, тірі дауыста керемет концертті тамашаладық.

Сағынышты сазды әуендерді тыңдауға ауыл халқы түгел жиналды. Елу жылдан кейін оралған «Шұғыла» вокалды - аспапты ансамблінің концертін ауыл тұрғындарынан бөлек, көршілес ауылдардан да көрермендер келіп көруге асықты.

Концертте вокалды - аспапты ансамбль өздері шырқаған әндерді сахнаға алып шықты. Атап айтқанда, «Қызылқұмда ауылым», «Әдемі-ау», «Жас қалам», «Тұмарым», «Той жыры» сияқты танымал әндерді көрермендер қосыла шырқады.

Шығармашылық кешке аудан орталығынан алғашқы қолдаушылардың бірі Болатхан Боранбаев қатысып, алыс - жақыннан жиылған өнер ұжымына құрмет білдірді.

Ансамбльдің алғашқы ұйымдастырушыларының бірі Рахимова Бақыт апайымыз ансамбль мүшелерінің 50 жылдан соң осылай бас қосып, ауылдастарына концерт беруі өзіндік тарихы бар, өте тағылымды жиын болғанын айтып, өзінің ауылы мен ауыл жастарына арнаған арнау өлеңін оқыды:

Ауылым жатыр өзен жағасында,
Басқанның жылжып аққан сағасында.

Өлемде тең келмейді

ешбір ауыл,

Сөзіме осы менің нанасың ба?

Басқанның кең ғой шіркін

даласы да,

Саф алтын дем береді

ауасы да.

Алдыңнан сәлемдеспей

өтпейді ғой,

Ауылдың үлкені де, келіні де,

баласы да.

Малым жүр кең жайылып

даласында,

Ыстық қой жусан, көде, қоға,

ағашы да.

Еңбекқор жанды іздесең

жарандарым,

Диқаншы, малшы, бағбан

бәрі осында.

Ауылым алтын бесік

мәпелеген,

Үлкендер жүрген жолмен

жетелеген.

Алланың нығметіне ризамын,

Жастары құрметпенен

төтелеген.

Киелі өскен жерім Басқаным,

Көкпеңбек, тап – таза аспаның.

Қашанда амандығыңды

тілеп жүрер,

Өзіңнен түлеп ұшқан

жастарың.

Торқалы өскен жерім

Басқаным,

Той думанда қосылсын өркез

бастарың.

Өрқашан жетістігіңді

айта жүріп,

Алдарында жырдан шашу

шашқаным.

Өскен жерім Басқаным,

Ашық болсын аспаның.

Көркей бер өркендеп,

Өсе берсін жастарың.

Сағынышты мерейтой жоғары деңгейде өтті. Иә, расында бұл ретро әндер концерті болды, «Сағындырған әндер - ай» дегендей өңшілер ескі әндермен қоса, әдемі кештің әрін келтіріп, жаңа әндерін шырқады.

Ауылдағы мектептің оқушы қыздары әдемі билерін қосты. Қысқасы, ансамбльдің үшінші жаңа құрамы дайын екенін байқадық.

Ансамбльді ары қарай дамыту үшін Дәулет Ахметов аянбай жұмыс жүргізіп, жүзгір жүр. Ауыл азаматына ауыл тұрғындары да қолдау көрсетіп, ансамбльге жаңа аспаптар сатып алу үшін атсалысып жатыр екен. Қазірге ауыл тұрғындарынан 500 000 теңге қаржы жиналыпты.

Ербол СЫМХАНОВ,

Жаңалық ауылы.

Адамзат баласының жер бетіндегі өзге тіршілік иелерінен өзгешелігі де, артықшылығы – рухани әлемінің болуы. Яғни, халық, өнерді жаратады, оны таратады, сақтайды. Жалпы қазақ эстрадасын әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблінің елестету мүмкін емес. «Дос-Мұқасан» ансамблі – тек Қазақстанға ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы елдерге, одан өзге дүние жүзіне әйгілі болған өнер ұжымы. «Дос-Мұқасан» эстрадалық вокалды ансамблі 1967 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының (қазіргі Қазақ мемлекеттік ұлттық техникалық университетінің) жанынан құрылғаны тарихқа аян. «Дос-Мұқасан» ансамблінің әндерін аға буыннан өзге, кейінгі жас толқындар да сүйіп тыңдады. Соларға еліктеді. Солар сияқты танымал болғылары келді.

Сөйтіп біздің ауданда орталықта «Құлагер» ансамблі құрылса, «Басқан» (қазіргі Жаңалық) ауылында 1974 жылдары ауылдық клуб жанынан «Шұғыла» вокалды - аспапты ансамблі құрылып, алғаш өнер көрсете бастаған еді.

Ол кезде ешқандай музыкалық аспаптар жоқ. Жастардың көшеде ән айтып жүрген жай гитарасы ғана болды. Ансамбль құру үшін басқа да аспаптар керек болды.

Ауыл жастары жиналып ауыл сыртынан қамыс шауып, малшылардың қыстық қораларын, мал төлдету орындарын жасап, ақша тауып, екі тоқ гитара сатып алады. Ұрмалы аспаптарды өздері қолдан жасап, қасықтарды салдырлатып, кәдімгідей ансамбль құрылады. Микрофонның діңгектерін де темірден дәнекерлеп өздері құрастырады.

Ол кездегі ансамбль құрамында алғаш ұйымдастырушылар марқұм Бақытжан Тілеуберлинов, Бекетай Ермұханов, Биқұлжа Шаяхметов, Жақсан Шақарбаевтар және Сейілхан Шатырбаев, Болат Тілеуберлинов, Оразбек Досаев, Алтынбек Шақарбаев, Рұхсұлу Мардамқұлова, Бақыт Рахимова, Санат Балабатыров, Мұхтар Стамбеков, Мырзағали Қыдырмановтар болды. Өнер ұжымы он жылдан астам осы өздері қолдан жасаған музыкалық аспаптарымен – ақ ауыл, аудан халқына мәдени қызмет көрсетті.

1985 жылы кеңшардың партком хатшысы марқұм Сәбит Қорғанбаев пен кәсіподақ комитетінің төрағасы Болатхан Боранбаев және комсомол комитетінің хатшысы Қыдырхан Хамитжановтардың қолдауымен клубқа жаңадан аспаптар сатып алынады.

Осы кезде жаңа аспаптармен бірге ансамбльге жаңа жас құрам қосылып, Серік Мұхамадиев, Биші Бақытгүл Қоңыржанова, Дәулет Ахметов, Мәншүк Тезекбаева, Нұрлан Қабдолдаев, (марқұм Раушан Қосшығұлова), Бибігүл Сабырбаева, Серік Шаяхметов, Махмұт Шенебаев, Марат Алтынбеков, (марқұм Серікжан Өксікбаев), Ербол Қыдырмановтармен толықты.

Ансамбльдің репертуарында әңгіміміздің басында айтқандай көбінесе әйгілі «Дос – Мұқасан» тобының әндері мен қазақтың халық әндері, қазақ композиторларының әндері болды. Кейін еліміз тәуелсіздік алған алғашқы қиын кездерде өмір ағымымен ансамбль тарап кетеді. Бірақ осы уақыт аралығында көрермен қауымының ыстық ықыласына бөленіп үлгерген ансамбль облыс, аудан көлемінде байқауларға қатысып, талай көрермен көзайымына айналған.

Арада 50 жыл өткенде «Шұғыла» ансамблі өнерсүйер қауыммен қайта қауышты. Яғни,

АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС

Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез - келген еңбек – қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНАН.

Басшы болып істеген адамның атқарған қызметіне баға беретін халық пен уақыт. Одан асқан сыншы жоқ. Ел - жұрт кімнің кім екенін жақсы таниды. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейтіні де содан. Өзі қызмет істеген кезеңде мойнына жүктелген міндетті абыройлы атқарып, ісіне адалдығымен, еліне жасаған жақсылығымен танылып, уақыт сынынан сүрінбей өткендерді жұртшылық аңыз - әңгіме ретінде айтып жүретіні де анық.

Адами қасиетті өмірінің темірқазығындай берік ұстанып, еліне адал қызмет етуі арқылы бүкіл ғұмырын халқының мүддесімен ұштастыра білген басшы ғана ел есінде ұзақ уақыт сақталады.

Осындай білікті де білгір басшының бірі әрі бірегейі **НӘДІРБАЕВ САМАТ ТІЛЕУБАЙҰЛЫ**.

Тұла бойына парасаттылық қасиетті берік қалыптастырған, халқына барынша адал қызмет жасап келе жатқан Самат Тілеубайұлы асыл азаматтың өзі, атпал азамат ретінде ол иығына артылған жүкті қара нарша көтеріп, сындарлы сынақтардан сүрінбей өте білді. Ол елдің елдігі мен ауызбірлігіне жік түсірмей, тізгінді тең ұстауымен де ерекшеленген басшы.

Халқына адал қызмет етуде. Намысына дақ түсірмеді. Азаматтық абыройының туын жоғары ұстады. Қайсар, бірбеткей мінезінен танбады. Қатаң талапшылдығымен тәртіп орнатып, жағымсыз көріністердің жолын кесті. Мақал-мәтелді орынды қолданып сөйлейтін шешендігімен де жұртты өзіне қаратты.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, осындай асыл азамат Самат Тілеубайұлы жайлы ел аузындағы әңгімелерге құлақ түрсеңіз, ол кісінің кеңпейілдігін, парасаттылығын, сабырлылығын, салиқалығы мен байсалдылығын жиі естисіз.

Білікті де білгір басшының ұжымды басқару тәсілі, ұйымдастырушылық қабілеті, кісілік келбеті, өнегелі өмірі жайлы өрілген әңгімелер оны құрмет тұтар, әр істі ақыл таразысына салып, жеті рет өлшеп, бір кесетін Самат ағамыз осындай аққөңіл жан. Мінезінің қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі, нәтижеге бағытталған қызметі арқасында ұжымы мен ауыл адамдары арасында зор абыройға ие болды.

Самат Тілеубайұлын аудан халқы білікті басшы, өз ісіне адал жан ретінде жақсы біледі. Ақсу қант зауытында 2018 жылдың мамыр айынан бастап басшылық қызметін осы күнге дейін абыройлы атқарып келеді.

Жетісу облысында ауылшаруашылығы қызметкерлері күніне орай сала мамандарына құрмет көрсетіліп, марапаттар берілген болатын. Үздіктерге Трактор техникасы және ақшалай сыйлықтар табысталды.

Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен салтанатты жиын барысында фойеге ауылшаруашылығы көрмесі қойылып, әр аудан – қаланың жетістіктері паш етілді. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев алдымен аталған көрмені аралап көріп, мұнан соң жиында құттықтау сөз сөйлеп, атаулы мереке қарсаңында Мемлекет басшысының қатысуымен ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы өткізілгенін, оған облысымыздан 40-тан аса ауылшаруашылығы тауар өндірушілері қатысқанын атап өтті.

Бұдан әрі өңір басшысы сала мамандарын марапаттап, бірқатар жетісулықтарға «Еңбек ардагері» медалін, ҚР Премьер-Министрінің «Алғыс хатын», «Ауылшаруашылығы

ТӘЖІРБЕСІ МОЛ
ІСКЕР БАСШЫ

саласының үздігі» төсбелгісін, облыс әкімінің «Құрмет Грамотасы» мен «Алғыс хатын» табыстады. Сондай – ақ, дәстүрлі түрде өтетін «Ақсу қант зауыты» ЖШС басшысы Самат Надирбаевқа 1-ші дәрежелі Диплом мен 700 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлық тапсырылды.

Нәдірбаев Самат Тілеубайұлының өмірбаянына тоқталсақ, 1972 жылдың 19 мамырында, Алматы облысы, Балқаш ауданы, Қарағаш ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Алматы экономикалық университетінің «Банк ісі» мамандығын бітірген. Алғашқы еңбек жолын 1989 жылы «Бақанас» совхозында слесарь мамандығымен бастаған.

1990-1992 жылдарда Совет әскері қатарында болған.

1992-2004 жылдар аралығында ҚР ішкі істер органдарында қызмет істеді.

2004-2010 жылдар аралығында Жамбыл облысында «Меркі қант зауыты» ЖШС-нің бас директор қызметін атқарды.

2010-2015 жылдар аралығында «AGRO-FOOD» ЖШС-нің бас директоры 2015-2018 жылдар аралығында жеке кәсіпкер, 2018 жылдың мамыр айынан осы уақытқа дейін «Ақсу Кант» ЖШС-де бас директор.

Самат Тілеубайұлының наградалары мен марапаттарына тоқталсақ, Қазақстан Республикасы кәсіподақ ОК І-ші дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен, Жамбыл облысы әкімінің «Құрмет Грамотасы», Алматы облысы әкімінің «Құрмет Грамотасымен, Меркі ауданы әкімінің «Құрмет Грамотасымен, Ақсу ауданы әкімінің «Құрмет Грамотасымен» облыстық және аудандық маслихаттың «Құрмет Грамотасымен» атқарды.

таларымен», «Қант өндірістің шебері» төсбелгісімен марапатталған.

Ақсу қант зауыты қайта жаңғырып, халықтың көптен күткен арманы орындалды десек артық емес. Еске сала кетер болсақ, аудан алыбы атанған қант зауытымыз он жыл бұрын тоқтап қалған болатын. Ал, бүгінгі таңда қайтадан іске қосылып тіршіліктің ошағына айналды. Осыдан бір - екі жыл бұрын зауыт қайтадан жұмыс бастайды екен деген сөздер ел арасында гулеп жүрді. Оған бірі сенсе де, бірі сенімсіздік танытып жатты.

Қалың қардың көбесі сөгіліп, күн жайма шуақтана бастаған мезгіл еді. Зауытқа инвесторлар келіпті дегенді естігенде шын қуанған едік. Алғаш ішін аралап көргенімізде зауыт тізеден келетін көгершіннің қилары мен қаңғырған итпен мысықтың мекеніне айналған екен. Сол сәтте бұл қалай жасалады деген күдікті ой санамызды торлаған еді.

Ал, бүгін бәрі басқа зауытымыздың ашылуымен қардай аппақ қанттың шығарылып, қапталып жатқанын өз көзімізбен көрдік. Еске сала кетер болсақ, осыдан біраз жыл бұрын зауыттың қабылдау пунктін ашылу, лента қию салтанатына куәгер болған едік. Сол күннен бастап, зауытқа тау-тау тәтті түбірлер жинала бастаған.

Бұл аудан тіршілігінің алғашқы бастауы, дала еңбеккерлерімен аудан халқының қуанышының тұңғыш алға басуы еді. Сол қуанышымыз зауыттың толықтай іске қосылуымен жалғасын тапты.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындап жаңа жұмыс орындарын ашу біздің міндетіміз. Өз басымыз қуаныштан көздері жайнап шаттанған ел мен мынау құрылғылардың шулаған дауыстарын естіп қуанып жатырмыз. Сонымен қатар осы аудандағы Ақсу политехникалық колледжіне зауыттың басшылары тапсырыс беріп, аудандық жұмыспен қамту бөлімі арқылы 53 маман осы зауытқа жұмысқа келген екен.

Ақсу қант зауыты Қазақстандағы үлкен зауыттардың бірі. Өкінішке орай, біраз жыл тоқтап қалды. Десе де бүгін қайта іске қосылуы бұл жүректі жаратын қуаныш.

Жалпы зауытқа 400-мыңнан астам тонна тәтті түбір жиналған. Зауыт іске қосылғаннан бері 125 мың тоннасы өңделген. Алдағы үш жылда құрылғылары толықтай ауыстырылып, автоматтандыру көзделіп отыр.

Бір құдықтан су ішіп, бір терінің пұшпағын илеп, біршама жетістіктерді еңсеріп, татулығы мен ұйымшылдығы жарасқан ұжымның қол жеткізген нәтижелері де басшының ерен еңбегінің арқасы.

Зауыт ғимаратының заманауи безендіріліп, ондағы ұжым мүшелері арасындағы қалыптасқан сыйластық қарым – қатынас та көп нәрсені білдіреді.

«Басшы бастай білсе, бұқара қостай біледі», - деп халық айтқандай, Самат Тілеубайұлы үлкен қант зауытының кешенін өзіне тән ер мінезділігімен басқарып отырған тәжірибесі мол, іскер басшы екені болашақ жастарға үлгі болмақ.

Іскер басшы халқы үшін көп іс бітіре алады. Бұған оның толық мүмкіндігі бар. Тек ол үшін еліміз деп соғар үлкен жүрек керек. Өзі қызмет еткен жылдарда елінің еңсесін көтеру үшін тынбай еңбек еткен Самат ағамыздың өмірбаяны бұл сөзімізге жарқын дәлел.

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ.

Жансүгіров ауылы.

Бюджетті нақтылау: Жетісу облысында қаражат әлеуметтік жобаларға бағытталатын болады



Жетісу облысында облыстық мәслихат депутаттарының кезектен тыс XXV сессиясы өтіп, онда 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджетті нақтылау және «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында өңірдегі экологиялық мәдениетті дамыту жөніндегі жұмыс жоспарына қатысты бірқатар мәселелер қаралды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе - 2025-2027 жылдарға арналған облыс бюджетін нақтылау бойынша облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов баяндама жасады.

Аталып өткендей, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қалыптасқан бюджеттік

қаражаттың бос қалдықтарын өңір халқының өмір сүру сапасын жақсарту үшін басым әлеуметтік жобаларға бағыттау туралы шешім қабылданды. Олардың ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй сатып алу, тұрғын үй құрылысы, инженерлік-коммуникациялық желілер, жолдарды жөндеу, бұл ретте облыс әкімінің тапсырмасы бойынша облыс орталығын дамыту мен абаттандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қабылданатын шаралар бірінші кезекте инфрақұрылымды жаңғыртуға және жайлы қалалық орта құруға бағытталатын болады.

Облыс орталығын дамыту жоспарлары туралы толығырақ қала әкімі Ернат Бәзіл баян-

дады. Оның айтуынша, жаңа шағынаудандарда тұрғын үй салу, жолдарды жөндеу, жылу желілерін қайта жөндеу және жаңа әлеуметтік нысандардың құрылысы жалғасады. Қаланың ескі шағынаудандарының архитектуралық келбетін жаңартуға, үйлердің шатыры мен қасбетін қайта жаңартудан бастап, аула аумақтарына дейін назар аударылатын болады. Оның үстіне Талдықорғанды жаңа саябақтар мен скверлер көріктендіріп, арық желілері де жөнделеді.

Сессияны қорытындылай келе, облыс әкімі Бейбіт Исабаев 2024 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштеріне қысқаша тоқталып, 2025 жылға арналған жоспарларымен бөлісті, сондай-ақ, Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді тиімді іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға, жалпы экономикалық дамуды жақсартуға мүмкіндік беретінін, бұл кешенді түрде халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Айта кетерлік жайт, депутаттар нақтылаушы сұрақтар қойып және өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар енгізе отырып, облыстың басты қаржылық құжатына енгізілген өзгерістерді қолдады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілші: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Жетісу облысында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған орталықта жаңа бөлім ашылып, 110 балаға дейін қабылдайтын болады



Жетісу облысында 1,5 жас пен 18 жас аралығындағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсететін күндізгі емдеу орталығының мүмкіндігі ұлғайды. Талдықорған қаласында орналасқан орталықта ашылған жаңа бөлімнің арқасында оның сыйымдылығы 110 жатын орынға өсті, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аумағы шамамен 470 шаршы метрді құрайтын жаңа ғимарат заманауи стандарттар мен талаптарға толық сәйкеседі. Онда ем алатын балалар жасына және денсаулық жағдайына қарай екі топқа бөлінген.

Бөлімді ашудағы басты мақсат - мүгедек балалардың қоғам үшін маңызды екендігін ұғындыру және оларды өмірге бейімдеу. Біз мұнда әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық көмекті қосқанда, 8 түрлі қызмет көрсетеміз. Сонымен қатар, отбасыларға ыңғайлы болу үшін әлеуметтік такси қызметтері ұсынылады. Балаларды орталыққа апаратын және қайтып әкелетін 4 автокөлік таңғы сағат 8:00-ден 17:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері де жұмыс істейді, - дейді орталық директорының әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары Назгүл Бүркітбаева.

Жаңадан ашылған орталыққа келіп жүрген балалардың ата-аналары осындай мүмкіндікке ризашылық білдіріп, алғыс жаудыруда. Сондай ананың бірі Сәния Теңізбаева:

— Біз үшін «Бәйтерек» орталығының тоқтаусыз

жұмыс істеуі үлкен қолдау. Міне, орталықтың жанынан жайлы, жарық, жылы жаңа бөлімше ашылды. Қызым орталықтан кәсіби көмек алып қана қоймай, өзін ұжымның бір бөлшегі, үлкен және тату отбасының бір мүшесі ретінде сезініп келеді. Ана ретінде қызым үшін орталық мамандарының әрқашан қасында болып, көмектесіп, бағыт-бағдар беріп отыруы маңызды деп есептеймін, - деп өз ойын ортаға салды.

Қарлығаш Тұтқабаева есімді ана да өз тілегін былай жеткізді:

— Жаңа филиалдың ашылуы - біз үшін шын мәнінде үлкен және қуанышты оқиға. Өйткені, мұнда балаларымыз өзіне сеніп, өмірден өз орнын табуына көмектесетін мамандардың кеңесін алады.

Жетісу жерінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 1566 орындық 13 мекеме бар. Былтыр бұл мекемелер 1512 әлеуметтік қызмет көрсетіп, мүгедектердің емін - еркін жүріп-тұруына мүмкіндіктер ұсынды. Сондай-ақ, өткен жылы 168 нысанда мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімдеу жұмыстары жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік 2025 жылы Талдықорған қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 150 орындық оңалту орталығының құрылысын бастау жоспарлануда.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілші: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

Жетісу облысында тағы 19 көпбалалы отбасы мемлекеттік қордан тұрғын үй алды



Бүгін Жетісу облысында кезекте тұрған 19 көпбалалы отбасы Талдықорған қаласындағы «Береке» коттедж қалашығынан баспаналы болды. Өткен жылдың соңынан бері мұнда 74 отбасы қоныс тойын тойлады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасы бойынша аталған коттедж қалашығының проблемалық мәселелерін шешу бойынша шаралар қабылдануда. Ол негізінен құрылыс сапасына байланысты мәселелер. Атап айтқанда, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, салынып бітпеген үйлердің құрылысы аяқталуда. Барлығы 204 проблемалық коттедж анықталды. Барлық ескертулер мен кемшіліктер жойылғаннан кейін 25 коттедж өткен жылдың соңында кезекте тұрғандарға тапсырылды, ал тағы 30 коттедж өткен аптада тапсырылды. Бүгін кезекте тұрғандарға тағы 19 кілт табыс етілді. Қалғандары кезек-кезеңмен пайдалануға берілетін болады. Жалпы, биыл коттедж қалашығының құрылысын толық аяқтау жоспарланған.



Бақытты қоныс иелерінің арасында жеті баланың анасы Әлия Аталықова да бар. Оның отбасы бүгін армандаған кілтке ие болды: - Баспана кезегінде 15 жыл тұрдым. Бала-шағаммен бір жалдамалы пәтерден екіншісіне үнемі көшу қиын болды. Біз ұзақ күткенімізге қарамастан, бүгін біздің отбасымызда үлкен және бақытты қоныс тойы өтті. Сол үшін барлық қатысушыларға шыннайы алғысымды білдіремін. Жаңа қоныс иелеріне амандық тілеймін, - деді көпбалалы ана.

Айта кететін жайт, Жетісу облысында тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Талдықорған қаласының өзінде өткен жылы кезекте тұрғандардың ішінен 1283 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді, ал биыл 1400-ден астам тұрғынды қамту жоспарланған. Жалпы, биыл облыс орталығында жаңа шағынаудандарда тұрғын үй салу, жолдарды жөндеу, жылу желілерін, арық желілерін қайта жөндеу және жаңа әлеуметтік нысандарды салу жұмыстары жалғасады. Қаланың ескі шағынаудандарының архитектуралық келбетін жаңартуға, үйлердің шатыры мен қасбетін қайта жаңартудан бастап, аула аумақтарына дейін назар аударылатын болады. Оның үстіне Талдықорғанды жаңа саябақтар мен скверлер көріктендіре түседі.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фототілші: Жәніс ЫСҚАБАЙ.

"АМАНАТ" партиясы Ақсу аудандық филиалында "Үздік бастауыш партия ұйымы" байқауы өтті



«АМАНАТ» партиясының бастауыш ұйымдары арасында өтетін дәстүрлі «Үздік бастауыш партия ұйымы» байқауы жарияланып, бүгін күнде өр өңірде аталмыш байқау ұйымдастырылуда. Бұл байқау бастауыш ұйымдарының рөлін күшейтіп, партиялық жұмыстардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осыған орай «АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалы Ережеге сай аудандағы 21 бастауыш партия ұйымдары арасында байқау өтті. Байқау барысында әр бастауыш партия ұйымы атқарған жұмыстары бойынша комиссия алдында ақпарат және слайд көрсету арқылы бағанды шықты.

Комиссия мүшелері байқау қорытындысын шығарып, 2-ші санат бойынша І жүлделі орын алған «Шонай батыр», ІІ орын алған «Қапал», І-ші санат бойынша І орын алған «Ойтоған», ІІ орын алған «Қаракөз», ІІІ орын алған «Есеболатов» бастауыш партия ұйымдарын арнайы дипломмен және бағалы сыйлықтарымен, қалған бастауыш партия ұйымдарын ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.



Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыруға 2–4 % квотаның сақталуын бақылау мақсатында дөңгелек үстел өтті



«АМАНАТ» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы Құрманғалиева Алма Жанатбекқызы, Ақсу ауданының Мансап орталығының маманы Шағала Айдынкызы және Жастар филиалының мамандары қатысты.

Аталған кездесу барысында Ақсу аудандық филиалының төрағасы Құрманғалиева Алма Жанатбекқызы - Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 108-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібін

айқын екенін атап өтті. Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес квота енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын беретінін айтты. Квота шеңберінде жұмысқа медициналық қорытынды бойынша еңбек міндеттерін орындауға қарсы көрсетілгендері жоқ мүгедектер қабылданатындығы туралы тоқталып өтті.

Ақсу ауданының Мансап орталығының маманы Шағала Айдынкызы – Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру қағидаларын түсіндіріп өтті.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия
филиалының консультанты.



"Жол картасы" аясында бақылау



"АМАНАТ" партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Жол картасы» аясында, 2025 жылғы 27 қаңтар күні Ақсу аудандық маслихатының депутаты Абдырахманов Қайрат және Партиялық бақылау төрағасы Мұсабажанов Ғабит Жансүгіров ауылында орналасқан Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясының күрделі жөнделу жұмыстарымен танысты.

Молдияр ТОЙБОЛДИН,
аудандық партия филиалының консультанты.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ



Қазақ халқының ұлт ретінде сақталып қалуының басты тірегі – тілі мен мәдениеті. Тіл – ұлттың жаны, рухани байлығы мен мұрасы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Бұл мәртебе 1995 жылғы Конституцияда бекітіліп, қазақ тілінің маңыздылығы мен құндылығы артты.

Мемлекеттік тіл – елдің тәуелсіздігі мен біртұтастығын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие бола отырып, еліміздегі басты қарым-қатынас құралы ретінде бекітілді. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңында қазақ тіліне басымдық беріліп, оның қоғам өмірінің барлық саласында қолданылуы міндеттелген.

Қазақ тілі тек қазақ халқының ғана емес, Қазақстанның мекендейтін барлық ұлттардың ортақ тіліне айналуы тиіс. Бұл – еліміздің ұлтаралық бірлігі мен тұрақтылығының кепілі. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады және олардың барлығы мемлекеттік тілді меңгеру арқылы біртұтас қоғам ретінде қалыптасуда. Осы тұрғыда қазақ тілін білу – ел азаматтарының азаматтық борышы.

Бүгінгі таңда қазақ тілінің қолданылу аясы жылдан жылға кеңейіп келеді. Мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да салалар қазақ тілінде қызмет көрсетуге көшіп жатыр. Дегенмен, бұл бағытта әлі де шешілмеген мәселелер бар. Атап айтқанда, қазақ тілін меңгеру деңгейі барлық өңірлерде бірдей емес. Кейбір аймақтарда мемлекеттік тілдің мәртебесі толықтай сақталса, басқа өңірлерде оның қолданылуында қиындықтар болуы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін қазақ тілін оқыту әдістемелерін жетілдіру, насихат жұмыстарын күшейту және мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру қажет. Мемлекеттік тілді насихаттау, оқыту жолында еңбектеніп келе жатқан Жетісу облысы «Тіл» оқу - әдістемелік орталығының Ақсу аудандық филиалы өз жұмысын жалғастыруда. 2025 жылдың І жартыжылдығында мемлекеттік тілді оқыту курсының

көлемі мен сапасы жағынан жоғары деңгейіне - 63, В2 ортадан жоғары деңгейіне - 36 тыңдаушы қабылданып, қазақ тілін жетік меңгеруде. Тілдерді оқыту орталығы мемлекеттік тілді А1 деңгейінен бастап В2 деңгейіне дейін оқытады және мемлекеттік тілде іс жүргізу курсы бойынша да дәрістер мен практикалық сабақтар өткізеді. Курс соңында тыңдаушылар аталған деңгейлер бойынша емтихан тапсырып, сертификатталады. Орталық мемлекеттік тілді оқытумен қатар, ағылшын тілінен де дәрістер жүріп, оқытушы кестеге сай сабақтар жүргізеді.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі – біздің ұлттық болмысымыздың айнасы, рухани құндылықтарымыздың негізі. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің дамуы елдің өркендеуі мен тұтастығына тікелей ықпал етеді. Әрбір қазақстандық қазақ тіліне құрметпен қарап, оны меңгеруге ұмтылуы тиіс. Себебі, тіл – ұлттың тірегі, мемлекетіміздің айнасы. «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген сөз құр ұран емес, ол ел болашағы үшін маңызды қағида болуы керек.

Н. ТІЛЕУБЕРГЕНОВА,
Жетісу облысы «Тіл» оқу - әдістемелік орталығының Ақсу аудандық филиалындағы мемлекеттік тіл курсының оқытушысы.

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарасу ауылдық округі бойынша 2025 жылғы 05 қаңтардағы сағат 18.00-ге кандидаттардың тіркелуі туралы ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 26 қаңтар сағат: 18:00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қарасу ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды тіркеу аяқталды.
2025 жылғы 26 қаңтар сағат: 18:00-дегі жағдай бойынша Қарасу ауылдық округ әкімдігіне келесі кандидаттар тіркелді:

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
Қарасу ауылдық округі				
1.	Қалияхметов Жандос Журсунтаевич	1981	«Қарашілік ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман салық инспекторы, Қарашілік ауылы,	Өзін-өзі ұсыну
2.	Сериков Улан Серикович	1972	Ақсу ауданы, «Молалы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман Жансүгіров ауылы.	Өзін-өзі ұсыну
3.	Турганбаев Максат Аблсейтович	1987	Ақсу ауданы, «Достық» шаруа қожалығының басшысы. Талдықорған қаласы.	Өзін-өзі ұсыну

Сайлауға дайындық жұмыстары жалғасуда.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2025 жылғы «26» қаңтарда өткен Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылдық округі әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде, Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы 1990 жылы туған, Ақсу ауданының Ақсу ауылында тұратын, «Дандығұлов.» Ш/Қ басшысы Дандығұлов Шынғыс Амансерікұлын Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауылдық округінің әкімі ретінде тіркеді.

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдегі ең қауіпті факторлардың бірі болып табылады, ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық-бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін



сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Аслан ОРЫНХАНҰЛЫ,
Ақсу аудандық сотының аға сот приставы.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, ҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ҚАЛИАХМЕТОВ ЖАНДОС ЖҮРСІНТАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, ҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СЕРІКОВ ҰЛАН СЕРІКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен Қалиахметов Жандос Жүрсінтайұлы 1981 жылы 16 шілде айында Алматы облысы, Ақсу ауданы, Сағабүйен ауылында дүниеге келдім. Қазақстан Республикасы қарулы күштері қатарына қызмет етуге 2007 жылы шақырылдым. Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қонар құрылым 1 ҚР қорғаныс министрлігі «18404 әскери бөлімі» республикалық мекемесі БСН 68094000031 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышымды атқардым. 2010 жылы 06 желтоқсанда резервке ауыстырылдым азаматтығым өзгермеген. 2013 жылы 22 қаңтарда Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Алдаберген өнеркәсіптік аймақ есептік тоқсан 122 ч. ҚР қорғаныс министрлігі «21751 әскери бөлімі» республикалық мекемесі БСН 010640002693 бөлімінде атқаш лауазымына тағайындалдым, 2018 жылдың 20 тамызда өз еркіммен жұмыстан босатылдым.

2018 жылы 01 қарашада Алматы облысы Ақсу ауданының әкімдігінің «Молалы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне жетекші маман лауазымына қабылдандым.

2019 жылдың 26 желтоқсанда өз еркіммен жұмыстан босатылдым. 2019 жылы 27 желтоқсанда Алматы облысы Ақсу ауданының әкімдігінің «Қарашілік ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне бас маман салық инспекторы лауазымына қабылданып, әлі күнге дейін қызмет атқарып келемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алдағы уақытта төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруды жоспарлаймын:

- Қазақстан Республикасы Президентінің елімізді дамытуға арналған бағдарламаларын, Жолдауларын жүзеге асыру;
- Ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық дамуына үлес қосу;
- Ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейін жақсарту, тұрмыс деңгейі төмен және көп балалы отбасылардың әлеуметтік қорғалуына көмектесу;
- Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік қолдау көрсету;
- Ауыл жастарына әр түрлі деңгейде шаралар өткізіп, патриоттық және мәдени тәрбие беру;
- Мәдениет саласындағы мәселелерді шешу;
- Жастарға қолдау көрсету және әр түрлі шаралар ұйымдастыру;
- Ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған шаралар ұйымдастыру.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер 2025 жылдың 16 ақпан күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, мен осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімді сала-тын боламын!

Мен Серіков Ұлан Серікұлы 1972 жылы 13 тамыз айында Алматы қаласында дүниеге келдім. 1979 - 1987 жылдары Қызылтаң ауылындағы Жансүгіров атындағы орта мектепте 1 сыныптан 8 сыныпқа дейін оқыдым. 1987 - 1990 жылдары Ақсу ауданының кәсіптік арнаулы орта 18 училищесінде оқыдым. 1996 - жылы сырттай Талдықорған заң институтына түстім, 2003 - жылы бітіріп, заңгер - сарапшысы мамандығын игердім. 1997 - жылы ҚР Жоғарғы сотына ағареференті қызметіне орналастым, осы жылдың маусым айынан бастап бөлім меңгерушісі болып 1998 - жылдың ақпан - мамыр айына дейін кадр бөлімінде аға референт болып істедім. 2002 жылы ОФ «Фонд предупреждения катастрофы» қорында 2003 жылға дейін жұмыс істедім.

2007 - 2014 жылдар аралығында ТОО инвентрой ЖШС жұмыс істедім.

2014 - 2017 жылдар аралығында «Матай ауылдық округі әкімі аппаратында» бас маман болып қызмет еттім. 2021 жылы мамыр - қазан айларында «Ақсу ауданы тұрғын үй коммуналдық және тұрғын үй инспекциясының» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы болып қызмет еттім. 2021 жылдың қазан айынан» 2022 жылдың дейін «Ақсу ауданы жер бөлімінің» инспекторы болып жұмыс істедім.

2022 - 2023 жылдар аралығында «Ақсу аудан әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас инспектор болдым. 2023 - 2024 жылдың наурыз айынан Ақсу ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп және бірыңғай мемлекеттік сатып алу бөлімінде бас инспектор болып жұмыс істедім. 2024 жылдың 15 наурызынан бастап Молалы ауылдық округінің аппаратында бас маман болып жұмыс істеймін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ауыл халқымен тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып, жинақталған тәжірибемді, білімімді, барлық күш-жігерімді сала отырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық мәселелердің дұрыс шешілуіне, ауыл



халқының тұрмысының жақсаруына ат салысу мақсатында ауылдық округ әкімі сайлауына түсіп отырмын.

Бағдарламадағы басты бағыттар:

- Әлеуметтік тұрмысы аз қамтылған отбасылардың тұрмыс жағдайын көтеру мақсатында шаралар қолдану және жаңа жұмыс орындарын ашылуына ықпал ету;
- Елді мекендерінің ішкі көше жолдарын орташа жөндеуден өткізуге;
- Елді мекендерге балаларға арналған ойын алаңын салуға ықпал ету;
- Елді мекендердегі ұялы байланыс және интернет жүйесін жақсарту жұмыстарын жүргізу;
- Округтің жастарымен бірлесе отырып спорттың жан-жақты дамуына қолдау көрсетемін.

Құрметті ауылдарстар!

Маған осы мәселелерді шешу үшін Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңыз қажет!

Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өткізілді



2025 жылдың 17 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Ақсу ауданының сервистік әкімдігінде «Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі», «Ақсу ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі», «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемелерімен мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі өткізілді.

Мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесі.

● МҰРАГЕРЛІК

13.03.2020 жылы қайтыс болған Кабесова Айтжамал Сембаевнаның атынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус А.М.Құндақбаеваға келуі керек. Мекен – жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №20 ғимарат. Тел.: 8-702-705-94-91.

- Алтынарық ауылында жер сатылады. 29 га. суармалы, Судың басында орналасқан. Осы нөмерге хабарласыңыздар. Тел.: 8-777-095-03-01.
- Наби Ожербектің атындағы Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №31 - 6 үйдің барлық құжаттары жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

ҚАРАСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА ҮМІТКЕР ТҰРҒАНБАЕВ МАҚСАТ ӘБЛСЕЙТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Тұрғанбаев Мақсат Әблсейтұлы, 1987 жылы 27 шілде айында Талдықорған облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келдім. 2000 жылы Ақсу ауданы, Тарас ауылының орта мектебін аяқтап, Талдықорған қаласының Заң гимназиясында оқуымды жалғастырдым. 2004 жылы Заң колледжіне оқуға түстім. 2006-2007 жылдар аралығында әскер қатарында борышымды өтедім. Білімім жоғары – 2007-2010 жылдары Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясында білім алып, «Құқықтану Бакалавры» дәрежесін алып шықтым. 2008 жылдан 2013 жылға дейін Қазақстан Республикасының Әуе қорғанысы күштерінде әскери қызмет еттім. Қазіргі таңда «КХ Достық» шаруа қожалығының басшысымын. Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеудемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ:

Қазақстан Республикасының заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып мына нәрселерге назар аударамын:

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен жолдауларының ауылдық округте іске асырылуы;

Ауылдық округ тұрғындарының өмір сапасын арттыру, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту;

Ауыл шаруашылық саласын дамыту, шаруа қожалықтарын жан-жақты мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру;

Ауылдық округтің инфрақұры-



лымын одан ары дамыту;

Ауылдағы медициналық қызметтің сапасын арттыру;

Ұялы байланыс пен интернет қызметінің сапасын арттыру;

Ауыл ішкілік автожолдардың жөңделуі;

Қарасу ауылдық округін газдандыру;

Ауылдың негізгі тірегі мектеп болғандықтан, мектептің тұрақты жұмыс жасап, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге ықпал жасау;

Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастыру;

Жастарды ауылға тарту және балалар мен жасөспірімдердің өз уақыттарын тиімді өткізулеріне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасау;

Құрметті Қарасу ауылдық округінің тұрғындары!

Мен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауылдық округ

аумағындағы өкім құзыретіне кіретін жұмыстарды жауапкершілікпен атқарып, жергілікті жердегі әлеуметтік экономикалық даму мен саяси тұрақтылық сақталуына азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытында өз білімім мен тәжірибемді жұмсаймын.

Өскелең ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін жастарды қолдау, салауатты өмір салтын сақтауға шақыру жолында жұмыстанған боламын.

Елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.

Ауыл ақсақалдарынан және ауылдың белсенді азаматтары мен ауыл активінен құрылған қоғамдық кеңес арқылы ауылдың тәртібін қадағалап, салауатты өмір салтын ұсынып, қиын мәселелерді бірігіп ақылдасып шешуді ұйымдастырамын.

Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстаймын.

Менің азаматтық борышым, мақсатым – туған жерім Қарасу ауылдық округін көркейтеу, оның өркендеуі үшін, халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсарту үшін еңбек ету деп білемін!

Құрметті сайлаушылар!

Алдағы уақытта осы округтегі мәселелердің оң шешілуіне өз үлесімді қосамын. Сіздер маған сенім артып, 2025 жылдың 16 ақпан күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс берсеңіздер, ауыл өмірінің жақсаруына бар білімім мен тәжірибемді арнаймын!

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
 Құрылтайшы, директор -
 бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
 ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
 Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2791

Директор - бас редактор
 - 2-12-90,
 жауапты хатшы
 - 2-12-90.

✉ **Электрондық пошта:**
 aksuoniri@mail.ru
 Газеттің ресми сайты
 aksuoniri.kz

Индекс: 66750
 Оффсеттік басылым көлемі 26 т.